

Егемен Қазақстан

 **Egemen.kz**

«Абай академиясының» еңбегі

Ғылымы мен білімі дамып, әдебиеті адамтанудың алып мұхитына құйылған елдердің рухани игілігі уақыт өте келе өз ұлтының ғана жемісі болудан қалып, адамзатқа ортақ қазынаға айналады.

Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасымен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ашылған «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институты ұлы ақын мұрасын бүгінгі қоғамның дамуымен сабақтастыра қарастыруды міндетіне алып отыр.

Ақынның 175 жылдық мерейтойы қарсаңында құрылған институт ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» және «Абай – рухани реформатор» бағдарламалық мақалаларына сәйкес «Абай – мемлекет ісінің мүдделесі, жаңа қоғамның жанашыры», «Абай Құнанбайұлы және қазіргі қазақстандық қоғамның басымдықтары», «Абай – әлемдік мәдениеттің тұлғасы» бағыттары бойынша талдамалық, әлеуметтанулық зерттеулер жүргізу, елімізде абайтанумен айналысатын ғылыми-зерттеу орталықтарын академияның төңірегіне топтастыруды ғылыми тұрғыдан үйлестіріп отыр.

Абайтануда үлкен серпіліс болған 2020 жылы Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың тікелей қаржыландыруымен «Абай академиясында» арнайы жобалар жүзеге асырылды. Осының аясында «Абай академиясы» арнайы сериясымен 20-дан астам академиялық басылым оқырмандарға ұсынылды.

Ал 2021 жылы академия Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің тапсырысы негізінде «Абай Құнанбайұлының мұрасы қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар аспектісінде» және «Қазіргі заманғы Қазақстан және Абай Құнанбайұлы» атты екі кешенді жобаны іске асырды. Сонымен қатар институттың негізгі қызмет бағыттарын қазақстандық қоғамды жаңғырту басымдықтарымен қамту аясында «Абай мұрасы және Қазақстан қоғамының мәдени құндылықтары», «Абайдың шығармашылық мұрасы және қазақ тілінің ұлтаралық қарым-қатынас тілі ретінде қалыптасу жолдары», «Абай дүниетанымы және қазіргі қоғамдағы діннің рөлі», «Абай шығармашылығы және қазіргі Қазақстанның мәдениетаралық ынтымақтастығы», «Абайдың қоғамдық-саяси көзқарастары және «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы», «Абай мұрасы контекстінде қазақстандық патриотизмді қалыптастыру», «Абай шығармашылығы және қазақ әдебиетінің қалыптасуы», «Абайдың шығармашылық мұрасының тарихи-этнографиялық контексті», «Абай тілі және қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері», «Абайдың экономикалық көзқарастары және қазақ халқының шаруашылық құрылымы», «Абай мұрасы және түркі әлемінің өркениеттік негіздері» атты арнайы серияларымен 24 ғылым-танымдық кітап әзірленді. Аталған арнайы сериялар бойынша

Е.Сыдықов, Ж.Дәдебаев, Ш.Ибраев, С.Негимов, Т.Жұртбай, Т.Шапай, Қ.Мәдібаева, С.Ананьева, Ж.Аймұхамбет, А.Кемелбай, Г.Мұратова, А.Доғалов, Ы.Палтөре, Б.Қорғанбеков, М.Алпысбес, Қ.Бибек, Е.Тілешов, С.Қорабай, А.Мырзабек, Қ.Батталов, Ә.Қайшатаева, А.Смағұлова, А.Қалиева сияқты белгілі зерттеушілердің тың еңбектері жарыққа шықты.

2022 жылды да академия Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің тапсырысы негізінде «Қазіргі Қазақстан және Абай Құнанбайұлы мұрасы қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласында» атты жобаны іске асырды.

Институттың негізгі қызмет бағыттарын Қазақстан қоғамын жаңғырту басымдықтарымен қамту арнайы сериялармен жыл сайын 24 (үш жылда барлығы 70 жуық) ғылыми-танымдық кітап, әлеуметтанулық сауалнамалар жүргізілді, «Абай – әлемдік мәдениеттің тұлғасы» бағытында алыс-жақын шетелдегі және республикалық БАҚ-та Абай мұрасы қоғамдық-гуманитарлық, әлеуметтік-саяси, әлеуметтік-құқықтық, тарихи-этнография және т.б. бағыттарда жаңаша пайымдалған 50-ден астам танымдық мақалалар жарық көрді.

Өзіндік ұлттық ерекшелігімен, салт-дәстүрі, табиғи жаратылысымен сардаладай дархан болмысы арқылы адамзаттың ұлы көшінің көркіне ажар қосып, қоғамды ізгілендіруге қаламын тербеген қазақ әдебиетінің осы көштен алары да, қосары да мол. Көркем өнері гүлденіп, өрісі ұлғайған сайын өзге халықтардың қызығушылығы мен сүйіспеншілігін туғызып отыратыны белгілі. Төл әдебиетіміздің қазақы көшін Абайға бастатуымыздың да басты себебі де сол болмақ. Бұл жерде алдымен өзімізді танып болдық па, жоғымызды таптық па, өткенімізді ақылмен саралап, парасатпен пайымдай аламыз ба?! Әрине, көп сұрақтың жауабын ізденумен табамыз. Толымды ізденістердің бірі ретінде «Абай Құнанбайұлы және тарихи үдеріс (XIX ғасырдың 70-80 жылдары-XX ғасырдың 20-30 жылдары)» еңбегін айтар едік. Бұл еңбектің өткенімізді тарихтың отаршыл елдің сиясымен жазылған тарихты қайта қарап өз мүддемізді айшықтауымен ерекше. Абайдың XIX ғасырдың 60-70 жылдарында Қазақ даласында сырттан күштеп енгізілген әкімшілік басқару жүйесі арнасындағы саяси-әлеуметтік және қайраткерлік көзқарастар эволюциясына мән берілген. XX ғасырдың бас кезіндегі Алаш қозғалысы мен Алашорда қайраткерлерінің және Семей-Шыңғыстау өңірінен шыққан қазақ байлары мен беделді тұлғаларының ұстанымы тарихи деректер негізінде талдау жасалған. Сонымен қатар Кеңестік дәуірдің алғашқы жылдарындағы большевиктік «күштеу» саясатының аймақтың тұлғаларына қатысты жасаған соққысы және оның тарихи салдары қоса қарастырылған. Осындай тағдырлы үдерісті қатар алуымен бірге халқын ойлап қан жылаған Абайдың бейнесі ашылады.

Институт жарыққа шығарған кітаптардың арасынан оқырмандар назарын Абайдың қағидаттары туралы қалам тербеген белгілі ғалым Серік Негимовтің «Абай қағидаттары» зерттеуіне аударған болар едік. Автор Абай қағидаттарын патриоттық, ұлттық, жалпыадамзаттық, көшбасшылық идеяларға бай даналық ой-тұжырымдары, өсиет, ғибрат, жөн-жосық, үлгі-өнеге, кемеңгерлік кеңес ретінде ұсынады.

Осылайша, «Абай академиясы» ғылыми зерттеу институтының зерттеу жұмыстарының сапалы әрі жоғары деңгейде іске асырылуына еліміздің абайтанушы ғалымдары, зерттеушілер, ғылым докторлары, профессорлар мен академиктер өз үлестерін қосты.

Жалпы, әлемдік тәжірибеде әдебиеті арқылы елін таныту ежелден бар. Ағылшындар Шекспирді, немістер Гетені, орыстар Пушкинді, түріктер Юнус Эмре, испандықтар Сервантесті, қытайлар Конфуцийді ұлықтаса, Абай академиясы да Абай арқылы осы жауапкершілікті мойнына алып отыр.

Институтта Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес еліміздегі абайтанумен айналысатын ғылыми-зерттеу орталықтарының іс-қимылын ғылыми тұрғыдан үйлестіруге қатысты бірлескен жұмыстар атқарылып жатыр. Еліміздегі және шетелдегі «Абай» орталықтарымен де бірлескен іс-шаралар ұйымдастырылды. 2022 жылдың 27 қарашасында Түркияның ірі қалаларының бірі Аланияда «Отандастар қорының» ұйымдастыруымен жетінші «Abai iii» мәдени-іскерлік орталығының ашылу салтанатына «Абай академиясы» ҒЗИ директоры Жандос Әубәкір қатысып, Абай мұрасын зерттеуге арналған ғылыми кітаптарды сыйға тартты. Сонымен қатар мерейтойлы жылда әлемнің көптеген астанасында ақын бюсті ашылып, қазақ еліне, қазақ әдебиетіне құрмет көрсетілді.

Ұлы ақынның тылсымы терең мұхиттай туындыларына өзіміз ғана тамсанып қоймай, оны әлемге таныту ісі жалғасын таппақ. Күндердің күнінде әлемдік тәжірибе сияқты тек қана әдебиетіміздің ғана емес, қазақ тілінің, қазақ өнерінің үлкен шаңырағына айналатын «Абай академиясы» алғашқы күндерден-ақ өз қарымын көрсетті.

Амангелді КЕҢШІЛІКҰЛЫ,
әдебиет сыншысы